

"Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетің атқарушы 2023 жылғы 22 тамыздағы № 592 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 396 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 29 қыркүйекте № 36964 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетің атқарушы 2023 жылғы 22 тамыздағы № 592 "Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33321 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген индустрияландырудың бірыңғай картасына өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды енгізу қағидаларында:

2 тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) өнеркәсіптік-инновациялық қызмет – еңбек өнімділігін арттыру мақсатында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескере отырып, өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды іске асыруға, өңдеу өнеркәсібінің қазақстандық шығарылымдағы тауарларын, жұмыстарын және қызметтерін ішкі және (немесе) сыртқы нарықтарға ілгерілетуге байланысты қызмет;"

6 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жергілікті атқарушы орган жобалар тізбесін қалыптастыруға қарай әрбір жоба бойынша мынадай құжаттарды (бұдан әрі – материалдар) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша индустрияландырудың бірыңғай картасына енгізу үшін негізгі көрсеткіштері бар жобалар тізбесін уәкілетті органға жібереді:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаны іске асырудың жоспары-кестесі;

2) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бастапқы статистикалық деректерді таратуға өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектісінің келісімі;

3) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес деректерді таратуға өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектісінің келісімі;

4) осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес есептік деректерді беруге өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектісінің келісімі;

5) жобаны іске асыру кезінде Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес ғимараттар мен құрылыстар салу үшін жер учаскесін беру қажеттілігі туындаған жағдайларда, материалдарды беру сәтінде 3 (үш) айдан кешіктірмей алынған, жобаны іске асыруға бөлінген жердің координаттары (схемасы) мен жоспарланып отырған ауданын көрсете отырып, бос жер учаскесінің болуын растайтын, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органының хатының көшірмесі қоса беріледі;

6) жоба іске асыру кезінде балық шаруашылығын жүргізуге, сондай-ақ аквакультураны дамытуға арналған балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) учаскені ұсыну қажеттілігі туындаған кезде, балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органнан алынған, резервтегі балық шаруашылығы су айдыны және (немесе) учаскенің бар екенін, олардың координаттарын, орналасқан жерін, сондай-ақ өнеркәсіптік-инновациялық жобаны Бірыңғай индустрияландыру картасына енгізген жағдайда тиісті резервтегі балық шаруашылығы су айдыны және (немесе) учаскені жобаның бастамашысына ұсынуға дайындығын растайтын хаттың көшірмесі қоса беріледі. Аталған хат өтінім берілген күнге дейін 3 (үш) айдан аспайтын мерзімде алынуы тиіс."

11 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Уәкілетті орган Ұлттық институттан ескертулердің жоқтығы туралы хат алғаннан кейін жобаларды штаб отырысының қарауына шығарады, ол материалдардың түсуіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.";

14 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Штаб мынандай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) жауапты органды көрсете отырып, жобаны бірыңғай индустрияландыру картасына енгізу туралы;

2) егер жобаның осы Қағиданың 3 тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмейтіні анықталса, жобаны бірыңғай индустрияландыру картасына енгізуден бас тарту туралы;

3) осы Қағидалардың 18 тармағында көзделген жағдайларда, уәкілетті органның бастамасы бойынша жобаны Бірыңғай индустрияландыру картасынан алып тастау туралы;

4) жобаның негізгі параметрлеріне өзгерістерді бекіту туралы;

5) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 27 мамырдағы № 298 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28281 болып тіркелген) бекітілген өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету кезінде қарсы міндеттемелерді айқындау және қолдану жөніндегі қағидаларда көзделген қарсы

міндеттемелерді орындамаған кезде жобаның негізгі параметрлерін өзгертуден бас тарту туралы немесе қатты пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған келісімшарт немесе лицензия шеңберінде міндеттемелерді орындамау, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес, егер өтініш беруші жер қойнауын пайдаланушы болып табылған жағдайда, "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес индустрияландырудың бірыңғай картасына енгізілген өнеркәсіптік-инновациялық жобаны іске асыратын өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісі ретінде алынған;

6) жоба бойынша анықталған ескертулер мен сәйкессіздіктердің толық тізбесін көрсете отырып, жобаны жергілікті атқарушы органға пысықтауға қайтару туралы.";

15 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Уәкілетті орган Штаб отырысы өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде отырыс хаттамасының көшірмесін мониторинг мақсатында жергілікті атқарушы органға және уәкілетті органға жібереді.

Штаб отырысының хаттамасы жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті орган бірыңғай индустрияландыру картасын бекітуді көздейтін уәкілетті орган басшысының бұйрығына тиісті толықтырулар енгізеді.";

16 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Уәкілетті орган жауапты органның ұсыныстары негізінде осы Қағидалардың 13 тармағына сәйкес өткізілетін Штаб отырысының қарауына шығару арқылы бірыңғай индустрияландыру картасына енгізілген жобалар бойынша негізгі параметрлерді өзгертуді жүзеге асырады.

Жобаның негізгі параметрлерін өзгерту қажет болған жағдайда жауапты орган жауапты органның бірінші басшысы немесе жетекшілік ететін орынбасары немесе оларды алмастыратын адамдар қол қойған мұндай өзгертулер туралы ұсынысты қоса бере отырып жолдайды. Бірыңғай индустрияландыру картасына енгізілген индустриялық-инновациялық жобаны іске асыратын индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі ретінде "Индустриялық саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шаралары бойынша міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттар "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес алынған қатты пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге лицензия бойынша міндеттемелерді орындау" Индустриалды-инновациялық қызмет субъектісі ретінде Индустриалды-инновациялық жобаны іске асыру егер өтініш беруші жер қойнауын пайдаланушы болып табылса, бірыңғай индустрияландыру картасы.

Жобаның негізгі параметрлерін өзгерту индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі ретінде "Индустриялық саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шаралары бойынша бұрын қабылданған міндеттемелер бойынша ешқандай салдарға әкеп соқпайды. Бірыңғай

индустрияландыру картасына енгізілген индустриялық-инновациялық жобаны және индустриялық-инновациялық қызмет субъектісі ретінде "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес алынған қатты пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия бойынша міндеттемелерді іске асыру егер өтініш беруші жер қойнауын пайдаланушы болып табылса, бірыңғай индустрияландыру картасына енгізілген индустриялық-инновациялық жобаны іске асыратын қызмет.";

17 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Жобалар бойынша ақпаратты өзектендіру мәселелері бойынша штаб отырыстарын өткізу және олар бойынша шешімдер қабылдау, сондай-ақ индустрияландырудың бірыңғай картасын бекітуді көздейтін уәкілетті орган басшысының бұйрығына тиісті өзгерістер енгізу осы Қағидалардың 2-тарауында көзделген тәртіппен реттеледі.";

18 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Өзектендіру қорытындылары бойынша индустрияландырудың бірыңғай картасына енгізілген жоба бойынша ақпарат өзгертілуге жатады не жоба индустрияландырудың бірыңғай картасынан шығарылады.

Өтінім беруші жобаны іске асырудан бас тартқан немесе өтініш беруші жобаны іске асыру жоспары-кестесінің іс-шараларын орындамаған жағдайларда жобалар жауапты органның бастамасы бойынша бірыңғай индустрияландыру картасынан шығарылады.";

көрсетілген бұйрыққа 2, 4 және 5-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі

Е. Нағаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Ауыл шаруашылығы министрлігі
Қазақстан Республикасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Денсаулық сақтау министрлігі
Қазақстан Республикасы
"КЕЛІСІЛДІ"

Қаржы министрлігі
Қазақстан Республикасы
"КЕЛІСІЛДІ"

Ұлттық экономика министрлігі
Қазақстан Республикасы
"КЕЛІСІЛДІ"

Энергетика министрлігі
Қазақстан Республикасы
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және
құрылыс министрінің
2025 жылғы 26 қыркүйектегі
№ 396 бұйрығына
1-қосымша
2023 жылғы 22 тамыздағы №592
Индустриялық-инновациялық
жобаларды бірыңғай
индустрияландыру картасына
енгізу қағидаларына
2-қосымша.

Жобаны іске асырудың өнеркәсіптік-инновациялық жоспар-кестесі

№	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі (нысанға сәйкес)
1.		
2.		
3.		

- 1) "Ай, жыл – ай, жыл" форматында құжаттаманы әзірлеу (жобалау-сметалық құжаттама, техникалық-экономикалық негіздеме және тағы басқа);
- 2) "Ай, жыл – ай, жыл" форматында құрылыс жұмыстарын жүргізу (жаңа жобаларға міндетті);
- 3) "Ай, жыл – ай, жыл" форматында жабдықты жеткізу;
- 4) "Ай, жыл – ай, жыл" форматында жабдықты монтаждау;
- 5) "Ай, жыл – ай, жыл" форматында іске қосу-баптау жұмыстары;
- 6) "Ай, жыл" форматында пайдалануға беру (іске қосу актісін алу);

7) "Ай, жыл" форматында өнім шығаруды бастау;

8) "Жыл" форматында жобалық қуатқа шығу.

Бірінші басшы:

Қолы: _____ (мөр орны бар болған жағдайда)

Толтырылған күні " ____ " _____ 20__ жыл

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және
құрылыс министрінің
2025 жылғы 26 қыркүйектегі
№ 396 бұйрығына
2-қосымша
2023 жылғы 22 тамыздағы №592
Индустриялық-инновациялық
жобаларды бірыңғай
индустрияландыру картасына
енгізу қағидаларына
4-қосымша.

Деректерді таратуға арналған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің келісімі (өтініш берушінің бланкісінде ол болған кезде толтырылады)

(өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің толық атауы) (бұдан әрі – Субъект)

_____ жобасы бойынша (бұдан әрі – Жоба) уәкілетті орган, жауапты орган, өнеркәсіпті дамыту саласындағы өнеркәсіпті дамыту саласындағы ұлттық даму институтына мынадай көрсеткіштер бойынша _____

(органдардың атауы)

мынадай деректерді ашуға және пайдалануға келісім береді:

- жобаның атауы;
- жобаға өтінім беруші;
- өңір;
- заттай мәндегі қуаты;
- іске қосу жылы (жыл);
- жауапты мемлекеттік орган, холдинг;
- инвестиция көлемі (миллионтеңге);
- іске қосу кезеңіндегі жұмыс орындар саны (адам);
- мемлекеттік ынталандыру шаралары (атауы).

Бірінші басшы: _____

Қолы: _____ (мөр орны бар болған жағдайда),

толтырылған күні " ____ " _____ 20__ жыл

Қазақстан Республикасының

Өнеркәсіп және құрылыс министрінің

2025 жылғы 26 қыркүйектегі

№ 396 бұйрығына

3-қосымша

2023 жылғы 22 тамыздағы №592

Индустриялық-инновациялық

жобаларды бірыңғай

индустрияландыру картасына

енгізу қағидаларына

5-қосымша.

Жобаны іске асыру шеңберінде есептер беруге өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің келісімі (өтініш берушінің бланкісінде ол болған кезде толтырылады)

(өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің толық атауы) (бұдан әрі – Субъект)

жобасы бойынша (бұдан әрі – Жоба) уәкілетті орган, жауапты орган және өнеркәсіпті дамыту саласындағы өнеркәсіпті дамыту саласындағы ұлттық даму институтының сұрауы бойынша есептік деректерді беруге келісім береді.

(органдардың атауы)

Бірінші басшы: _____

Қолы: _____ (мөр орны бар болған жағдайда),

Толтырылған күні " ____ " _____ 20__ жыл